

Тұпқараған ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 12 маусымдағы № 120 "Тұпқараған ауданының мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үйымдарында тәрбиеленетін балалар үшін төлемақы алуудың Ережесін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Манғыстау облысы Тұпқараған ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 29 мамырдағы № 85 қаулысы. Манғыстау облысы Әділет департаментінде 2019 жылғы 3 маусымда № 3915 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңдарына, сонымен қатар Манғыстау облысының әділет департаментінің 2019 жылғы 21 қаңтардағы № 10-15-136 ұсынысының негізінде, Тұпқараған ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Тұпқараған ауданының мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үйымдарында тәрбиеленетін балалар үшін төлемақы алуудың Ережесін бекіту туралы" Тұпқараған ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 12 маусымдағы № 120 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2766 болып тіркелген, 2015 жылғы 27 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. "Тұпқараған аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі (А.Утесбаева) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Тұпқараған ауданы әкімінің орынбасары Т. Алтынгаливке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

A.Xamiev